

**Шектеу іс-шараларын тоқтату және Миялы ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 20 сәуірдегі № 35 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы**

Атырау облысы Қызылқоға ауданы Миялы ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 19 шілдедегі № 143 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 21 шілдеде № 23628 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 35-бабы 2-тармағына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-1 бабының 8) тармақшасына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабыны сәйкес, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қызылқоға аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2021 жылғы 28 маусымдағы № 11-10/158 ұсынысы негізінде ШЕШТІМ :

1. Миялы ауылдық округінің Ы. Алтынсарин көшесінде мүйізді ірі қара малдары арасында құтырық ауруының пайда болуына байланысты шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Миялы ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 20 сәуірдегі № 35 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 4935 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Миялы ауылдық  
округінің әкімі*

*С. Салыков*